

## Уран өнімінің экспорты туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 26 қаңтар N 121

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009\_ Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК ЖАҚ) "Степное" кен өндіруші кәсіпорны мен "НЬЮКЕМ, Инк." арасындағы 1992 жылғы 16 маусымдағы уран концентратын сатып алу-сату шартының ережелеріне сәйкес және мөлшерінде "RWE NUKEM, Inc." (Америка Құрама Штаттары, Коннектикут, Стэмфорд) компаниясына табиғи уранның тотығы-шала тотығы (СЭҚ ТН коды 2844 10 390) және табиғи изотоптық құрамымен уран гексафториді (СЭҚ ТН коды 2844 10 390) түріндегі уран концентратын Қазақстан Республикасынан экспорттауға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК ЖАҚ-қа осы қаулының 1-тармағында көрсетілген уран өнімінің экспортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген өнімді кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының

Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК